

Қазақстан Республикасының шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігінің мәселелері. Ескерту. Қаулы тексінен "инвестициялық" деген сөзі алғыныш тасталған - өзгеріс ҚРМК-нің 1995.02.07. N 128 қаулысымен енгізілген.

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 23 желтоқсан N 1073. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.07.15. N 905 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Шетелдік инвестиациялар жөніндегі ұлттық агенттігін құру туралы" 1992 жылғы 8 маусымдағы N 799 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Шетелдік инвестиациялар жөніндегі ұлттық агенттігі (бұдан былай - Агенттік) шетелдік инвестиациялар мен кредиттер саласындағы мемлекеттік басқару және реттеу органды болып табылады деп белгіленсін. Министрліктер, ведомстволар, жергілікті басқару органдары, кәсіпорындар, ұйымдар және басқа шаруашылық жүргізуши субъектілер шикізат пен базалық салалардағы, жекешелендірілген кәсіпорындардағы шетелдік инвестиацияларға, сондай-ақ мемлекет кепілдігімен қатыстырылатын кредиттерге қатысты мәселелерді Агенттікпен міндетті түрде келіседі.

2. Агенттік өз қызметінде Қазақстан Республикасының көп және екіжақты халықаралық шарттарын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін басшылық қа алады.

3. Агенттіктің негізгі функциясы мыналар:

тиісті басымдықтары, ынталылығы және кепілдіктері енгізілген шетелдік инвестиациялар мен кредиттерді тарту мен пайдалану саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің қарауына шетелдік инвестиацияларды тарту мен пайдалану, оның ішінде басым бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға қатысатын шетелдік инвесторларға қосымша салық, валюта, сыртқы сауда және басқа жеңілдіктер мен кепілдіктер беруге қатысты бөлігінің мәселелері бойынша заңдық және нормативтік актілердің жобаларын әзірлеу;

шетелдік инвесторларға еліміздің экономикасына курделі қаржы салуына,

сондай-ақ қазақстандық басқару органдары мен кәсіпорындарға, оның ішінде жекешелендірілетіндеріне, әлеуетті шетел инвесторларын іздестіруіне жәрдемдесу, оларға ақпараттың консультациялық және басқа қызмет көрсетілуіне

көмектесу;

минералды шикізат кен орындарын барлау мен игеру, халық шаруашылық маңызы бар объектілер мен ғимараттарды салу және жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізу хұқына халықаралық тендерлер (конкурстар) ұйымдастыру мен

өткізу;

кейіннен мемлекеттік кредиттер жолымен жүзеге асыру үшін қазақстандық жобаларға сараптау жүргізуді және конкурстық ірікте алуды ұйымдастыру мен оларды

өткізуге қатысу;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тапсыруы бойынша ынтымақтастық, кредиттерді, заемдар мен кепілдіктерді тарту саласында еліміздің мұдделерін халықаралық деңгейде білдіру;

шетелдік инвестицияларды мемлекеттік тіркеу, шетелдік инвестицияларды лицензиялау;

техникалық көмек көрсету саласында халықаралық ұйымдармен және шет ел мемлекеттерімен байланысты үйлестіру;

шет ел донорлары (халықаралық ұйымдар, мемлекеттер және басқалары) беретін финанс қаражаты есебіне тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді импорттық сатып алудың жүзеге асырылуын бақылау, сондай-ақ тиісті аудиторлық қызметті ұйымдастыру.

4. Министрліктер, ведомстволар, жергілікті басқару органдары, кәсіпорындар, ұйымдар Агенттіктің сұрау салуы бойынша жобалар мен бағдарламалар өзірлеуге, тиісті сараптау мен тендерлер өткізуге қажетті деректерді беріп тұратын болсын.

5. Агенттікке:

шет елдік және қазақстандық заңды ұйымдар мен жеке адамдарды консультанттар мен сарапшылар ретінде контракт негізінде жалдап алуына;

республиканың аймақтары мен шет елдерде өкілдіктері болуына рұқсат етілсін.

(6 - тармак) .

Ескеरту. 6-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.02.07. N 128 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекеттік басқару органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу шарттары туралы" 1992 жылғы 26 қарашадағы N 990 қаулысында көзделген еңбекақы шарттары (N 2 кесте) Агенттік қызметкерлеріне қолданылсын.

(8 - тармак) .

Ескерту. 8-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.02.07. N 128
қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Агенттік аппаратын ұстауға қажетті қаражат бөлінуін көздейтін болсын.

10. Агенттікке тәрағаның З орынбасары, оның біреуі бірінші, 7 адам құрамында алқасы болуына рұқсат етілсін.

11. Агенттік тәрағасының лауазымы медициналық, тұрмыстық қамтамасыз ету және көлік қызметтің көрсету шарттары бойынша министр лауазымына, ал тәраға орынбасарларының лауазымы - министрлердің орынбасарлары лауазымына тәнестірілсін.

(2 - а б з а ц ы) .

Агенттікке қызметтік 4 жеңіл автомобильге лимит белгіленсін.

Ескерту. 11-тармақтың екінші абзацының күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.02.07. N 128 қаулысымен.

12. Агенттікке ақпараттық және басқа қызмет көрсетуден сом мен шетелдік валютада алған өз қаржысын (бюджеттен тыс) Агенттіктің материалдық-техникалық базасын дамытуды қаржыландыру үшін, сондай-ақ арнаулы мақсатқа пайдалануына рұқсат етілсін. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Агенттікпен бірлесіп аталған қаржыны пайдалану тәртібін анықтап, қажетті есепшоттар ашуды көздейтін болсын.

13. Агенттік және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі министрліктердің, ведомстволар мен жергілікті басқару органдарының шетелдік инвестициялар мен кредиттерді тарту мен пайдалану саласындағы функциялары мен қызмет аясын межелеу жөніндегі ұсынысты, сондай-ақ Агенттік туралы ереженің жобасын және шетелдік инвестициялар мен кредит жөніндегі зандарды өзгертуге орай ұсыныстарын бір айлық мерзімде әзірлең, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

14. Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп орталық аппаратты орналастыру үшін бір айлық мерзімде Агенттікке қызметтік үй-жай бөлінуін қамтамасыз етсін .

15. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Қазақстан Республикасының Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігін тете шарт бойынша қажетті телефон, телеграф және телекс байланысымен қамтамасыз етсін .

16. Агенттікке шетелдерге делегацияларды және стажировкадан өту, оқу үшін мамандарды қызмет бабындағы іссапарына жіберу туралы белгіленген тәртіппен шешім қабылдау хұқы берілсін.

17. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жиһаз,

жабдық, әдебиет, мүкәммал, ұйымдық техника, кеңсе тауарлары мен қағаз сатып алу үшін 1992 жылға Қазақстан Республикасының Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігіне қажетті қаржы, оның ішінде валюта қаржысын іздестіріп, бұдан былай бөлініп тұруын көздейтін болсын.

18.

Ескерту. 18-тармақтың күші жойылған - КРМК-нің 1995.06.12.

N 813 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК